

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY

ISSN 2224-5286

Volume 3, Number 411 (2015), 10 – 16

INFLUENCE ON THE PROPERTIES SULFUR COMPOUNDS OIL AND DECONTAMINATING THEM

**M. O. Altynbekova¹, A. B. Bayeshov²,
S. A. Dzhumadullaeva¹, B. S. Abzhalov¹, U. A. Abduvaliyeva²**

¹International Kazakh-Turkish University named after Ahmet Yesevi, Turkestan, Kazakhstan,

²Institute of organic catalysis and electrochemistry named after D. V. Sokolskiy, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: minash64@mail.ru, bayeshov@mail.ru, abcvip.kz@mail.ru, abdumida14@gmail.com

Keywords: oil, hydrogen-sulfide, sulfur, technology, sulfide, sulphate, neutralize.

Abstract. The article presents the results of studies on disposal and processing of hydrogen sulfide and elemental sulfur and the subsequent production of mineral sulfur compounds. The effect of current density on the anodic

oxidation of sulfur and its current output oxidation. It has been established that the maximum degree of oxidation and the current efficiency of sulfur powder in a solution of sodium hydroxide at the current density observed 600 A/m². The iron used as a cathode electrode, powder of sulfur and iron electrode used as an anode. When studying the effect of concentration of sodium hydroxide on the formation of iron sulfide, it is shown that the maximum degree of oxidation (84.5%) was observed at 1 M concentration of alkali. The effect of the solid-liquid (S:L) aqueous suspension of the degree of absorption of hydrogen sulfide. It is shown that the ratio S:L of 1:10 and 1:1, the extent of absorption is increased from 43.6 to 56.81% and from 50.72 to 68.72, respectively. Thus, by complete or partial recycling industry comes the possibility of their use as secondary material resources.

ӘОЖ541.13.661.1

МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНЕ КҮКІРТ ҚОСЫЛЫСТАРЫНЫң ӘСЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ

М. О. Алтынбекова¹, А. Б. Баевов²,
С. А. Джумадуллаева¹, Б. С. Абжолов¹, У. А. Абдувалиева²

¹ Қожа Ахмет Яссави атындағы Халықаралық қазақ-түрк университеті, Түркістан, Қазақстан,

² Д. В. Сокольский атындағы органикалық катализ және электрохимия институты, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: мұнай, күкіртсүтек, күкірт, технология, сульфид, сульфат, залалсыздандыру.

Аннотация. Мақалада күкіртсүтек газының және элементті күкіртті өндедеудің, залалсыздандырудың және олардан пайдалы қосылыстар алу мүмкіншіліктері көрсетілген. Күкірттің тотығу дәрежесі мен тотығуының ток бойынша шығымына анодтағы ток тығыздығының әсері қарастырылды. Бұл кезде натрий гидроксиді ерітіндісіндегі темір ұнтағымен араласқан ұнтақты күкірттің максималды тотығу дәрежесі және максималды ток бойынша шығымы ток тығыздығы 600 А/м² кезінде байқалатындығы көрсетілді. Катод ретінде темір электроды, ал анод ретінде ұнтақты күкірт және темір электродтары колданылды. Темір сульфидінің түзілу процесінде натрий гидроксиді ерітіндісінің концентрациясының әсері зерттеліп, максималды тотығу дәрежесі (84,5 %) сілтінің 1 М концентрациясында байқалатындығы анықталды. Қатты-сұйық (К:С) сулы сусpenзияның күкіртсүтектің абсорбциялау дәрежесінде әсері қарастырылды. К:С 1:10 және 1:1 болғанда абсорбция дәрежесі сәйкесінше 43,6 %-дан 56,81 %-ға және 50,72 %-дан 68,72 %-ға дейін артатыны анықталды. Сонымен, ішінара немесе толығымен қайта өндеде арқылы қажетке жаратылатын өндіріс пен тұтыну қалдықтарын екінші реттік материалдық ресурстар ретінде колдануға болады.

Мұнайды өндедеу процестерінде, қоршаған ортаға, тірі организмдерге тигізетін залалы көп әртүрлі мөлшерде өте зиянды улы газ – күкіртсүтек және күкірт түзіледі [1-17]. Осыған сәйкес күкіртсүтекті және күкіртті міндепті түрде бөліп алу, оны басқа тотықкан түрлерге айналдырып, пайдалы заттар алу экологиялық және экономикалық проблемаларды шешетін мәселелердің бірі болып табылады. Соңдықтан, күкіртсүтек газын қатты заттар бетінде адсорбциялануын және ұнтақты күкірттің қатты электродтарда тотықтыру заңдылықтарын зерттеп, соның нәтижесінде өндіріс қалдықтары ретінде залалсыздандыра отырып одан пайдалы өнім алудың электрохимиялық тәсілін жасаудың экологиялық және экономикалық түрғыдан маңызы өтеп зор.

Бұгінгі таңда экономикамыздың басты әрі құрделі мақсаты – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің қатарында болып, еліміздегі дамыған экономиканы қалыптастыру. Мемлекеттіміздің дамыған отыз ел қатарына қосылу жоспарына және үдемелі индустриалды инновациялық даму бағдарламасына сәйкес, отандық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және олардың ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекелік ұстанымдарын нығайту бүтінгі күннің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Осы мәселені шешуде мемлекеттік қолдаумен қатар, отандық компаниялардың шаруашылық қызметіне инновацияларды, соның ішінде маркетингтік инновацияларды енгізу дің маңызы зор [18].

Табиғи факторларды зерттеу жұмысы табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелерін және қоршаған ортаны сақтау мүмкіндіктерін талдаумен байланысты. Мысалы, шикізаттардың, энергоресурстардың шектелуі өндіріске көрі әсерін тигізеді. Соңдықтан, оларды үнемдеу үшін ұтымдылығы жағынан тиімді алмасатын игіліктерді табу мәселесі қойылады. Осы бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу өтеп қажет.

Қазақстанда, оның ішінде Атырау облысында және Ұлытау өңіріндегі Құмкөл алқабында элементті құқірт қалдықтары мөлшері жылдан жылға артуда. Құқірт қалдықтарын қайта өңдеу бүгінгі күннің өзекті мәселенің бірі болып отыр.

Мұнайды алғашқы және қайтара өңдеу процестерінен алынған – бензиндер, керосиндер, дизель фракциялары, көп жағдайда тауарлы өнім сапасына сәйкес келе бермейді, себебі олардың құрамында пайдалану қасиетін төмендететін қоспа компоненттер болады. Осы компоненттерден білу үшін мұнай фракцияларын тазалайды [19]. Мұнайды өңдеуден алынған өнімдердің барлық түрлерінде кездесетін құқірт қосылыстары жоғары коррозиялық активтілікке ие екендігі белгілі.

Мөлдір дистилляттарда қышқылдар мен фенолдардан басқақұрт қосылыстары да болады. Осы қосылыстарға бірінші кезекте –құқіртсүтек жатады. Ол женіл дистилляттар құрамында еріген түрде болады және де элементті құқіртten немесе басқа құрделі құқірт қосылыстарынан мұнай дистилляттарын алу кезінде түзілуі мүмкін. Көп жағдайда, негізгі ластаушы көздері болып негізінен шикі мұнай және кәсіби ақаба сулар, құқірт, азот оксидтері, құқіртті сүтек, фенол, аммиак, газ және мұнай шламдары болып табылады [20]. Осы жағдайларға байланысты өндіріс аумағындағы топырақ 20 см терендейкке дейін шикі мұнаймен қанығып ластанатындығы туралы әдеби деректер бар [19, 20].

Тәжірибе әдістемесі

Құқірт сүтек газын залалсыздандыру үшін мұнаймен ластанған топырақтың сулы суспензиясы қолданылды.

Сулы суспензияларды дайындау үшін, химиялық және гранулометрлік құрамы анықталған мұнаймен ластанған топырақтың қатты қалдықтар қолданылады. Ол үшін әртүрлі мөлшерде қатты қалдықты аналитикалық таразыда өлшеп алғып, оны 250 мл колбага салып, белгілі мөлшерге дейін дистелденген су құйылды. Колбадағы белгілі ара қатынаста K_C дайындалған суспензия 10–15 мин шайқа арқылы араластырылды.

Элементті құқіртті тотықтыруға арналған электрохимиялық зерттеулер, гальваностатикалық жағдайда термостатталған электролизерде жүргізілді. Тәжірибелер анод және катод кеністіктері МК-40 маркалы катионитті мембраннымен бөлінген көлемі 100 мл электролизерде жүргізілді. Құқірт және темір ұнтақтары электролизер түбіндегі темір анод бетіне төсөліп, оның сілтілі ортадағы анодты тотығуы зерттелді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Топырақтың мұнаймен ластануы, негізінен, май құятын бекеттердің барлық аудандарында байкалады және бұл табиғишикізат қорларын тиімсіз пайдаланумен, ескірген және тозған технологиялық жабдықтардың болуымен, көмірсүтекті шікізаттың құрамында парафиннің жоғары болуымен де байланысты. Бұл жағдайда, негізгі ластаушы көздері болып – шикі мұнай және кәсіби ақаба сулар, құқірт, фенол және мұнай шламдары болып табылады. Осылардың әсерінен әлсіз ластанған кезде топырақ кескіндері 5 см-ге дейін, қалыптасы 5-10, күштісі 10-20 см, ал өте күштісі –20 см астам терендейкке дейін шикі мұнайға қанығады.

Өндірістің қалдықтарымен ластанған топырақты қатты қалдық ретінде қарастырып (кесте, 1-сурет), олардың суспензиясымен құқіртсүтектің абсорбция процесін зерттегендеге әртүрлі химиялық рекциялардың жүру мүмкіншіліктері анықталды.


Шардара елді мекенінен алынған топырақтың 500⁰C температурада өндегеннен кейінгі растрлі микроскопияның қөмегімен анықталған элементтердің массалық үлесі

Элемент	O	Na	Mg	Al	Si	S	Cl	K	Ca	Ti	Mn	Fe
Массалық үлесі, %	52.01	1.62	2.50	6.77	22.0	0.86	0.36	2.25	6.15	0.42	0.12	4.93

Құқіртсүтек абсорбциясы процесінде суспензияларды дайындау және әдеби мәліметтерді анализ жасау, келесі реакциялардың жүруіне мүмкіндік береді:




Қатты-сұйық сулы суспензияның құқіртсүтекті абсорбциялау дәрежесіне әсері қарастырылды. Алынған мәліметтер абсорбция дәрежесінің артуымен K:C аракатынасы суспензияда 1:20-дан 1:1-ге дейін газдағы құқіртсүтектің мөлшерінің азауымен 1,2 есе артатындығын көрсетti. K:C 1:10 болғанда абсорбция дәрежесі 43,6 %-дан 56,81 %-ға өсетіндігі, ал K:C аракатынасы 1:1 болғанда 50,72 %-дан 68,72 %-ға дейін артатыны анықталды.



1-сурет – Мұнаймен ластанған топырактың 900°C температурада өндегеннен кейін растрлі микроскопияның комегімен анықталған элементтердің массалық үлесі

Мұнайды өндеу кезінде қалдық түрінде түзілген ұнтақты элементті құқірттің тотығу дәрежесі мен тотығуының ток бойынша шығымына анонтағы ток тығыздығының әсері 100–1200 A/m² интервалында қарастырылды. 2-суретте көрсетілгендей, ток тығыздығының өсуімен ұнтақты элементті құқірттің тотығу дәрежесі бастапқыда өседі, қанығу аймағына жеткеннен кейін баяулайды. Ал, ток тығыздығын жоғарылатқан сайын тотығу процесінің тотығуының ток бойынша шығымы заңды түрде төмөндейді.




2-сурет – Натрий гидроксиді ерітіндісіндегі ұнтақты құқірттің тотығу дәрежесіне (1) және ток бойынша шығымына (2) ток тығыздығының әсері.

$$I = 5 \text{ см}, C_{\text{NaOH}} = 1 \text{ M}, \tau = 1 \text{ саf}, t = 40^\circ\text{C}$$


Сондай-ақ, жоғары ток тығыздықтарында оттегінің бөлінуі байқалады. В. С. Багедский, И. В. Ворошилов және т.б. тұжырымдары бойынша электролиттік процестер, стехиометриялық байланысы жоқ, бірақ электрод реакцияларының кинетикалық механизмін өзгертетін жүйе

компоненті қатысында, кем дегенде бір электрохимиялық сатының ауыспалы күйі арқылы іске асырылады. Бұл компонент катализатор-электрод материалы, еріткіш молекулалары немесе электролит иондары болуы мүмкін. Біздің жағдайымызда катализатор қызметін темір иондары атқара алады.

Күкіртті тотықтыру үшін тәжірибелер әртүрлі концентрациялы натрий гидроксиді ерітіндісінде көлемі 100 мл электролизерде жүргізілді. Катод ретінде темір электроды, ал анод ретінде ұнтақтықүірт және темір электродтары колданылды. Натрий гидроксиді ерітіндісінің концентрациясын арттырғанда темір сульфидінің түзілу мүмкіншілігі артады (3-сурет). Одан ары қарай концентрацияны арттырған сайын тотығу дәрежесі бастапқыда бірқалыпты өседі де, 84,5 %-дан кейін тотығу дәрежесі кемиді. Осыған сәйкес ток бойынша шығым да кемиді. Оны төмендегі көрсетілген реакциялар бойынша түсіндіруге болады:



3-сурет – Ұнтақты күкірттік тотығуының ток бойынша шығымына (2)
және тотығу дәрежесіне (1) ерітінді концентрациясының әсері.
 $l = 5 \text{ см}$, $i = 600 \text{ A/m}^2$, $\tau = 1 \text{ сар}$, $t = 40^\circ\text{C}$



Қалдықтарды қайтадан колдану, қоршаған ортаны қорғауда, бастапқы материалдарды, электрэнергияны үнемдеуде және де көптеген мәселелерді шешуге жол ашады. Кейде ойланбастан көптеген заттар мен материалдарды қалдықтарға жатқызыла береді, шын мәнінде оларды әртүрлі қажеттілікке немесе басқа өндірістерге шикізат ретінде колдануға болады. Кезінде Д. И. Менделеев «Химияда қалдықтар болмайды, тек қана қолданылмаған шикізат болады», – деп айтқан. Сонымен қатар ол озат технологияның басты мақсаты пайдасыздан пайдалы өнім алуға бағытталған болу қажет деп те ескерткен. Сондықтан, ішінара немесе толығымен қайта өндеу арқылы қажетке жаратылатын өндіріс пен тұтыну қалдықтарын екінші реттік материалдық ресурстар ретінде колдануға болады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Жданов С.И., Тулебаев А.К., Рустембеков К.Т. и др. Электрохимия серы и ее соединений. – Алматы: Ғылым, 1997. – 160 с.
- [2] Капсалямов Б.А., Конурбаев А.Е., Баепова А.К., Омарова А. Способ получения полисульфидов щелочных металлов // Предварительный патент РК №15849 от 04.08.2003., Бюл. № 6, 15.06.05.
- [3] Баепова А.К., Асабаева З.К., Баепова С.А., Конурбаев А., Журинов М.Ж., Бейсембетов И.К., Кенжалиев Б. Способ получения полисульфида натрия // Инновационный патент РК № 25317 от 30.03.11, бюл.№ 12, 2011.
- [4] Конурбаев А.Е., Баепова А.К., Асабаева З.К. Электрохимический способ получения полисульфидов щелочных металлов // Инновационный патент РК № 27319 от 04.10.12, бюл. № 9, 2013.

- [5] Омарова А.К., Капсалямов Б. Разработка электрохимических методов переработки серосодержащих отходов // Тезисы докладов Республиканской научно-теорет. конф. молодых учених и студентов, посвящ. 50-летию Целины. – Астана, 2004. – С. 235.
- [6] Мамырбекова А.К., Баешова С.А., Капсалямов Б. Растворение элементной серы в щелочной среде при поляризации промышленным переменным током // Тр. Междунар. научной конф. «Наука и образование-ведущий фактор стратегии Казахстан-2030». – Вып. 1. – Караганда, 2004. – С. 410.
- [7] Омарова А., Капсалямов Б., Баешова С.А. Электросинтез полисульфидов щелочных металлов из отходов нефте-перерабатывающей промышленности // Тр. Междунар. научной конф. «Наука и образование-ведущий фактор стратегии Казахстан-2030». – Вып. 1. – Караганда, 2004. – С. 429-431.
- [8] Омарова А., Капсалямов Б. Экологические проблемы нефтяной промышленности Тенгизшевроил // Тр. Междунар. конф. «Ауезовские чтения-4» и третьей науч. конф. вузов Южного Казахстана. – Шымкент, 2004. – Т. 7. – С. 65-69.
- [9] Омарова А., Баешова С.А. Электрохимический способ получения сероводорода в водных растворах // Мат-лы междунар. научно-практ. Конф. «Физико-химические процессы в газовых и жидкых средах». – Караганда, 2005. – С. 163-168.
- [10] Баешов А. Электрохимия в комплексной переработке минерального сырья Республики Казахстан // Мат-лы докладов XVI Российской конф. «Физическая химия и электрохимия расплавленных и твердых электролитов». – Екатеринбург, 2013. – С. 25-28.
- [11] Конурбаев А.Е., Минтаева Г.А., Баешова А.К. Электросинтез полисульфида натрия с использованием сера-графитовых композиционных электродов // Мат-лы междунар. научно-практ. конф. «Проблемы и перспективы развития горно-металлургической отрасли: теория и практика». – Караганда, 2013. – С. 261-262.
- [12] Баешова А.К. Создание научных основ технологии переработки серы с получением флотореагента – моносульфида натрия / Мат-лы междунар. научно-практ. конф. «Нефтепереработка - 2013». – Уфа, 2013. – С. 208-210.
- [13] Баешов А., Конурбаев А.Б. Электрохимическая технология получения сульфидов натрия из серы // Нефть и газ. – 2014. – № 5 (83). – С. 59-66.
- [14] Баешов А., Асабаева З., Иванов Н.С., Баешова С. Катодное восстановление полисульфид-ионов // Известия НАН РК. – 2011. – № 5. – С. 26-30.
- [15] Омарова А.К., Баешова С.А. Анодное и катодное растворение элементной серы в водных растворах // Мат-лы междунар. научно-практ. конф., посвящ. 80-летию Е. Букетова «Академик Е. Букетов – ученый педагог, мыслитель». – Караганда, 2005. – Т. III. – С. 57-62.
- [16] Мамырбекова А.К., Баешова С.А. Электрохимическое поведение элементной серы в водных растворах при поляризации переменным током // Мат-лы междунар. научно-практич. конф., посвящ. 80-летию Е. Букетова «Академик Е. Букетов – ученый педагог, мыслитель». – Караганда, 2005. – Т. III. – С. 926-933.
- [17] Омарова А.К., Баешова С.А. Электрохимическое растворение сера-электрода при анодной поляризации в кислых растворах // Мат-лы Междунар. научно-практ. конф. «Научное наследие Е. Букетова». – Петропавловск, 2005. – Т. 1. – С. 21-24.
- [18] Сафин Р.Р., Исмагилов Ф. Р., Алиев Р.С., Плечев А.В., Волыцов А.А., Кабиров Р.М. Утилизация сероводорода в нефтегазовой промышленности // Экология и промышленность России. – 2000. – № 3. – С. 37-40.
- [19] Эльтерман В.М. Охрана воздушной среды на химических и нефтехимических предприятиях. – М.: Химия, 1985. – 160 с.
- [20] Исмагилов Ф. Р., Гафиатуллин Р. Р., Исмагилова З. Ф., Алеев Р. С., Сафин Р.Р., Гайдукевич В. В. Очистка сероводородсодержащих газов формальдегидом // Наука и технология углеводородов. – 2002. – № 1. – С. 54-56.

REFERENCES

- [1] Bayeshov A., Zhdanov S.I., Tulebayeva A.K., Rustembekov K.T. and other. Electrochemistry of sulfur and its compounds. *Almaty: Gylym*, 1997, 160 p. (in Russ.)
- [2] Bayeshov A., Kapsalyamov B.A., Konurbayev A.E., Bayeshova A., Omarova A. The method for producing polysulfides of alkali metals. *The provisional patent RK №15849*, Bull. № 6, **15.06.05**. (in Russ.)
- [3] Bayeshov A., Bayeshova A.K., Asabayeva Z.K., Bayeshova A.S., Konurbayev A., Zhurinov M.Zh., Beysembetov I.K., Kenzhaliev B. The method for producing sodium polysulfide. *Innovation patent of RK № 25317*, Bull. № 12, **2011**. (in Russ.)
- [4] Bayeshov A., Konurbaeva A.E., Bayeshova A.K., Asabayeva Z.K. An electrochemical method for producing polysulfides of alkali metals. *Innovation patent of RK № 27319*, Bull. № 9, **2013**. (in Russ.)
- [5] Bayeshov A., Omarova A.K., Kapsalyamov B. Abstracts of the Republican scientific-theoretical conference of young scientists and students dedicated to the 50th anniversary of the virgin lands, *Astana*, **2004**, 235. (in Russ.)
- [6] Bayeshov A., Mamyrbekova A.K., Bayeshova S.A., Kapsalyamov B. Proceedings of the International scientific conference named after Science and Education, a leading factor of strategy Kazakhstan-2030, I. 1, *Karaganda*, **2004**, 410. (in Russ.)
- [7] Bayeshov A., Omarova A., Kapsalyamov B., Bayeshova S.A. Proceedings of the International scientific conference named after Science and Education, a leading factor of strategy Kazakhstan-2030, I. 1, *Karaganda*, **2004**, 429-431. (in Russ.)
- [8] Bayeshov A., Omarova A., Kapsalyamov B. Proceedings of the International conference "Auezov readings-4" and the third scientific conference of universities in South Kazakhstan, *Shymkent*, **2004**, 7, 65-69. (in Russ.)
- [9] Bayeshov A., Omarova A., Bayeshova S.A. Proceedings of the international scientific-practical conference "Physical and chemical processes in gaseous and liquid media, *Karaganda*, **2005**, 163-168. (in Russ.)
- [10] Bayeshov A. Proceedings of the XVI Russian Conference Physical chemistry and electrochemistry of molten and solid electrolytes. *Ekaterinburg*, **2013**, P. 25-28. (in Russ.)
- [11] Bayeshov A., Konurbayev A.E., Mintayeva G.A., Bayeshova A.K. Proceedings of the international scientific-practical conference named after Problems and prospects of development of the mining industry: Theory and Practice, *Karaganda*, **2013**, P. 261-262. (in Russ.)

- [12] Bayeshov A., Bayeshova A.K. International scientific-practical conference named after Oil - 2013, *Ufa. 2013*, P. 208-210. (in Russ.)
- [13] Bayeshov A., Konurbayev A.E. *Oil and gas*, № 5 (83), **2014**, 59-66. (in Russ.)
- [14] Bayeshov A., Asabayeva A., Ivanov N.S., Bayeshova S. *Proceedings of National Academy of Sciences of RK*, **2011**, 5, 26-30. (in Russ.)
- [15] Bayeshov A., Omarova A.K., Bayeshova S.A. Proceedings of the international scientific-practical conference dedicated to 80 anniversary of Buketov Academician E. bouquets - scientist educator, thinker. *Karaganda*, **2005**, III, 57-62. (in Russ.)
- [16] Bayeshov A., Mamyrbekova A.K., Bayeshova S.A. Proceedings of the international scientific-practical conference dedicated to 80 anniversary of Buketov Academician E. bouquets - scientist educator, thinker. *Karaganda*, **2005**, III, 926-933. (in Russ.)
- [17] Bayeshov A., Omarova A.K., Bayeshova S.A. International scientific-practical conference "Scientific Heritage Buke-tov, *Petropavlovsk*, **2005**, 1, 21-24. (in Russ.)
- [18] Safin R.R., Ismagilov F.R., Aliev R.S., Plechev A.V., Voltsov A.A., Kabirov R.M. Utilization of hydrogen sulfide in the oil and gas industry, *Ecology and Industry of Russia*, **2000**, 3, 37-40. (in Russ.).
- [19] Elterman V.M. The Guard of the air ambience on chemical and petrochemical enterprise. M.: Himiya, **1985**, 160 (in Russ.).
- [20] Ismagilov F.R., Gafiatullin R.R., Ismagilova Z.F., Alyeov R.S., Safin R.R., Gaidukovich V.V. *Science and technology of hydrocarbons*, **2002**, 1, 54-56 (in Russ.).

ВЛИЯНИЕ СЕРОСОДЕРЖАЩИХ СОЕДИНЕНИЙ НА СВОЙСТВА НЕФТЕПРОДУКТОВ И ИХ ОБЕЗВРЕЖИВАНИЯ

**М. О. Алтынбекова¹, А. Б. Баевшов²,
С. А. Джумадуллаева¹, Б. С. Абжалов¹, У. А. Абдувалиева²**

¹АО «Институт органического катализа и электрохимии им. Д. И. Сокольского», Алматы, Казахстан,
²Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

Ключевые слова: нефть, сероводород, сера, технология, сульфид, сульфат, обезвреживание.

Аннотация. В статье приводятся результаты исследований по обезвреживанию и переработке сероводорода и элементарной серы и последующего получения полезных соединений серы. Исследовано влияние плотности анодного тока на степень окисления серы и выход по току ее окисления. Установлено, что максимальные значения степени окисления и выхода по току порошковой серы в растворе гидроксида натрия наблюдаются при плотности тока 600 А/м². В качестве катода использовался железный электрод, в качестве анода – порошковая сера и железный электрод. При исследовании влияния концентрации гидроксида натрия на процесс образования сульфида железа, показано, что максимальная степень окисления (84,5 %) наблюдается при 1 М концентрации щелочи. Изучено влияние твердо-жидкой (Т:Ж) водной суспензии на степень абсорбции сероводорода. Показано, что при соотношениях Т:Ж 1:10 и 1:1 степень абсорбции увеличивается с 43,6 до 56,81 % и с 50,72 до 68,72, соответственно. Таким образом, посредством полной или частичной переработки отходов промышленности рождается возможность использования их в качестве вторичных материальных ресурсов.

Поступила 03.06.2015г.